«Бекітемін»
И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей директоры
_____ Б.Дуйсенбаев
«10» қазан 2025ж.

Мектептегі тәрбие бағыты бойынша мамандардың бірлескен жұмыс жоспары

Мақсаты:

Мектептегі тәрбиелік ортаны нығайту, оқушылардың денсаулығын, психологиялық тұрақтылығын, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету және педагогикалық ұжым арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыру.

Міндеттері:

Тәрбие жұмысын кешенді жүргізу;
Әлеуметтік, медициналық және психологиялық қолдау көрсету;
Құқықбұзушылықтың, суицидтің, буллингтің алдын алу;
Денсаулықты сақтау мәдениетін дамыту;
Ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу.

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жылдық бірлескен жоспарды бекіту және үйлестіру отырысы	Қыркүйек	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог, медбике, психолог
2	«Мектептегі тәрбие бағыттары» тақырыбында кеңес өткізу (міндеттерді бөлу, бағыттарды талқылау)	Қыркүйек	Тәрбие орынбасары
3	Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтерді және сыныптың білім алушылары туралы (сыныптың әлеуметтік паспорты) кестені жинау	Қыркүйек-қазан	Әлеуметтік педагог
4	Білім алушыларды (1-4 сынып, 5-11 сынып білім алушыларының жекелеген санаттары) бір реттік тамақтандырумен қамту мемлекеттік қызметін жүзеге асыру және білім алушыларды сапалы тамақтандырумен қамту(бракераждық комиссия, тиым салынған заттар, ас мәзірі).Мектеп асханасын жалға алушы есебінен білім	Қыркүйек	Комиссия мүшелері Әлеуметтік педагог

	алушыларды бір реттік тамақтандырумен қамту		
5	«Денсаулық апталығы»: оқушылардың бойын, салмағын өлшеу, флюорография, көз, қан қысымы тексеруі	Қазан	Медбике
6	Қалалық білім бөлімінің қамқоршылық бөліміне жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жарты жылдық есебін өткізу	Қазан	Әлеуметтік педагог
7	Өгей ата-анасымен тұратын білім алушыларды әлеуметтік -тұрмыстық зерттеу жұмыстары.Ддиагностикалық жұмыстарды жүргізу	Қазан-қараша	Тәрбие орынбасары Әлеуметтік педагог Психолог сынып жетекшілер
8	«Психологиялық климат» сауалнамасы: сыныптардағы қарым-қатынас ахуалын анықтау	Қазан-қараша	Психолог
9	Қиын оқушыларды анықтау, жеке даму картасын жүргізу	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, психолог
10	Оқушыларға арналған «Қауіпсіз интернет», «Буллингтің алдын алу» тренингтері	Қараша, ақпан	Психолог, тәрбие орынбасары
11	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бойынша дәрістер («Тамақтану мәдениеті», «Гигиена»)	Жыл бойы	Медбике
12	Бір реттік тамақтандырумен қамтылған білім алушыларға және бастауыш бөліміне, ата-аналарға арналған ұсынымдар,видео-түсіндірмелер, түсіндірме жұмыстарын жүргізу: «Ас – адамның арқауы», «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі»	Қараша	Бастауыш бөлімі Әлеуметтік педагог Медбике
13	«Құқық және міндет» тақырыбындағы ата-аналарға арналған жиналыс	Қараша	Тәрбие орынбасары, әлеуметтік педагог
14	«Қош келдің, жаңа жыл»: білім алушыларды қала,облыс және президент шыршаларына қатыстыру, білім алушылардың жекелеген санаттары бойынша қатыстыру	Желтоқсан	Тәрбие орынбасары, әлеуметтік педагог
15	Тәрбиелік жобаларды үйлестіру: «Адал ұрпақ», «Жас Ұлан», «Қамқор»	Жыл бойы	Тәрбие орынбасары, сынып

			жетекшілер
16	«Қиын бала – ортақ мәселе» тақырыбында дөңгелек үстел	Қаңтар	Психолог, әлеуметтік педагог
17	Психологиялық тренингтер: «Менің сыныбым – менің отбасым», «Қақтығысты шешу жолдары»	Жыл бойы	Психолог
18	Денсаулық күні: спорттық эстафеталар, алғашқы көмек көрсету дағдыларын үйрету	Наурыз	Медбике
19	Қыз балалар клубы мен ұлдар клубының бірлескен тәрбиелік іс-шаралары (жыныстық тәрбие, әдеп мәдениеті)	Жыл бойы	Психолог, әлеуметтік педагог
20	Құқық қорғау органдарымен бірлескен «Жасөспірім және заң» тақырыбындағы кездесу	Сәуір	Тәрбие орынбасары
21	«Білім алушылардың жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызметін іске асыру, білім алушылардың жазғы демалыс лагерьлерде сапалы тынығуын қамтамасыз ету	Мамыр	Әлеуметтік педагог, тәрбие орынбасары Сынып жетекшілері
22	Жылдық жұмыс қорытындысын шығару, мониторинг жүргізу	Мамыр	Барлық мамандар

Жылдық бірлескен жоспарды бекіту және үйлестіру отырысының ХАТТАМАСЫ

Өткізілген орны: №5 мектеп мәжіліс залы.

Өткізілген уақыты: 2025 жылғы 08 қыркүйек

Қатысқандар: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, медбике.

Қаралған мәселелер:

1.2025–2026 оқу жылына арналған жылдық бірлескен жоспарды бекіту және үйлестіру;

2.«Мектептегі тәрбие бағыттары» тақырыбында міндеттерді бөлу, бағыттарды талқылау.

/Хабарламашы мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары А.Менлибаева/

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Менлибаева сөз алып, «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде мектептегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттерімен таныстырды.

Хабарлама барысында 2025–2026 оқу жылының басында мектепте тәрбие жұмысына қатысты бірлескен жылдық жоспардың әзірленіп, ұсынылғаны айтылды. Жоспарда оқушылардың азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, құқықтық, экологиялық, еңбек және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттары қамтылғаны атап өтілді.

Сонымен қатар, тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында педагог-психолог, әлеуметтік педагог және медбикенің өзара тығыз байланыста жұмыс жүргізуінің маңыздылығы айтылды.

Екінші мәселе бойынша қатысушылар «Мектептегі тәрбие бағыттары» тақырыбында пікір алмасып, әр маманның функционалдық міндеттерін нақтылау қажеттігін талқылады.

– педагог-психологқа оқушылардың психологиялық қолдауын ұйымдастыру;

– әлеуметтік педагогқа әлеуметтік жағдайы төмен және ерекше бақылауды қажет ететін оқушылармен жұмыс;

– медбикеге оқушылардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы іс-шараларды жүргізу жүктелетіні айтылды.

Жиналыстың шешімі:

2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы бойынша жылдық бірлескен жоспар бекітілсін.

Жоспар «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» талаптарына сәйкес жүзеге асырылсын.

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша міндеттер мамандар арасында бөлініп, жүйелі түрде орындалсын.

Жыл бойы атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша талдау жүргізіліп, есеп берілсін.

Мектеп-лицей директоры **Б.Дуйсенбаев**

Хатшы: **И.Қуанышбек**

АНЫҚТАМА

Асхана жұмысына мониторинг жүргізу және тыйым салынған өнімдердің сақталуын бақылау

Форматы: Мониторинг, қадағалау
Мерзімі: 2025–2026 оқу жылы
Орны: №5 мектеп-лицей асханасы
Жауапты: әлеуметтік педагог

2025–2026 оқу жылында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында мектеп-лицей директорының №182 ж/қ 15.09.2025 жылғы бұйрығына сәйкес асхана жұмысына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия төрағасы – мектеп-лицей директоры Б. Дүйсенбаев. Комиссия құрамына мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар комитетінің төрайымы және мектеп медбикесі енгізілді. Нормативтік негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 109-тармағы; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы.

Мониторинг барысында 1–4 сыныптың барлық оқушылары және 5–11 сыныптардағы әлеуметтік қорғалмаған, күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан білім алушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы бақылауға алынды. Асханадағы тамақ өнімдерінің сапасы, дайын тағамдардың қауіпсіздігі, сақтау және жеткізу шарттарының сақталуы, санитариялық жағдайы жүйелі түрде тексерілді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес асханада сатуға тыйым салынған өнімдердің сақталуына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, газдалған сусындар, тез дайындалатын тағамдар (гамбургер, хот-дог, чипсы, қытырлақ нан, сағыз және басқа да фаст-фуд өнімдері), сондай-ақ санитариялық қағидаларда көрсетілген рұқсат етілмеген тағам түрлерін сатуға және пайдалануға жол берілмейтіні қадағаланды.Сонымен қатар ауыз су режимінің сақталуы, кулерлердің уақытылы тазалануы, ауыз судың қауіпсіздігі мен сапасы, тағамдарды дайындау және сақтау талаптарының орындалуы мектеп медбикесімен бірлесе тексерілді. Ас мәзірі мектеп басшысымен бекітіліп, ақпараттық тақтаға ілінді.

Қорытынды: Асхана жұмысы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Тыйым салынған өнімдердің сатылуына жол берілмейді, тамақтану сапасына тұрақты мониторинг жүргізілуде. Жоспарланған жұмыстар өз уақытында орындалды.

Әлеуметтік педагог: **А. Нұртанова**

АНЫҚТАМА

Іс-шара атауы: «Қиын бала – ортақ мәселе»
Форматы: Дөңгелек үстел, тренинг
Мерзімі: 28.01.2026 жыл
Орны:акт залы
Қатысушылар: 10–11 сынып оқушылары
Жауапты: әлеуметтік педагог,педагог-психолог

Мақсаты: Оқушылар арасында «қиын мінез-құлық» ұғымын түсіндіру, жасөспірімдердің өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, жауапкершілік сезімін арттыру және қиын жағдайлардан шығудың тиімді жолдарын бірлесе талқылау арқылы ортақ шешімге келуге үйрету.

10–11 сынып оқушыларымен «Қиын бала – ортақ мәселе» тақырыбында дөңгелек үстел және тренинг жұмысы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушыларға тақырыпқа сәйкес психологиялық жаттығулар ұсынылып, жасөспірімдердің мінез-құлқындағы қиындықтардың себептері мен салдары талқыланды. Тренинг барысында оқушылар топтық жұмысқа тартылып, өз ойларын ашық айтуға, бір-бірін тыңдауға және түсінуге бағытталған тапсырмалар орындады.

Талқылау кезінде оқушылар қиын мінез-құлықтың тек бір адамның емес, отбасы, мектеп және қоғамның ортақ мәселесі екендігін түсінді. Қиын жағдайға тап болған оқушыға қолдау көрсету, түсіністік таныту, жанжалдың алдын алу және өзара сыйластықты сақтау жолдары қарастырылды. Сонымен қатар өмірлік жағдаяттарға байланысты мысалдар келтіріліп, олардан шығудың тиімді тәсілдері бірлесіп талқыланды.

Талқылау нәтижесінде оқушылар:


- ✓ «қиын бала» ұғымының мәнін дұрыс түсінді;
- ✓ өзара қолдау мен түсіністіктің маңызын ұғынды;
- ✓ мәселелерді күш қолданбай, диалог арқылы шешу жолдарын білді;
- ✓ өз мінез-құлқына жауапкершілікпен қарау қажеттігін түсінді.


Іс-шара белсенді әрі еркін форматта өтті. Оқушылар тақырыпқа қызығушылық танытып, пікір алмасуға белсенді қатысты.

Нәтижесі:

- ➢ Іс-шара барысында оқушылар:
- ➢ □ тренинг тапсырмалары арқылы өз ойларын еркін жеткізуге үйренді;
- ➢ □ топпен жұмыс жасау, тыңдай білу және ортақ шешімге келу дағдыларын дамытты;
- ➢ □ қиын жағдайдағы оқушыға қолдау көрсетудің маңызын түсінді;
- ➢ □ жауапкершілік, сыйластық және өзара түсіністік құндылықтарын бойына сіңірді.







АНЫҚТАМА

Қалалық білім бөлімінің қамқоршылық бөліміне жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жарты жылдық есебін өткізу.

Форматы: құжат жинақтау
Мерзімі: қазан 2025 жыл
Жауапты:әлеуметтік педагог

2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығы бойынша мектеп-лицейде 0-18 жас аралығындағы қорғаншы, қамқоршы және патронат тәрбиеленушілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында төмендегі жұмыстар жүргізілді. Аталған оқушыларға қатысты қажетті құжаттар толық жинақталды:

Тізбесі:

1. Кәмелетке толмаған баланың оқу орнынан анықтама
2. Баланың денсаулығы туралы анықтама
3. 16 жасқа толған баланың жеке куәлігі
4. Кәмелетке толмаған баланың 3×4 суреті (2 дана)
5. Баланың жекеменшігінде тұрғын үй бар немесе жоқтығы жөнінде анықтама (Халыққа қызмет көрсету орталығынан)
6. Баланың тұрғын үй кезегінде тұрғандығы туралы анықтама (міндетті)
7. Кәмелетке толмаған баланың жетістіктері (алғыс, мадақтама, диплом, орден, медаль)
8. Отбасымен бірге түскен фотосуреттері
9. Қамқоршысының 3×4 суреті
10. Қамқоршысының жалақысы немесе шәкіртақысы туралы көрсеткіш

Жартыжылдық есепке сәйкес, **үш оқушы** қамқоршылыққа алынып, барлық құжаттар толық жинақталды. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы, білім және тәрбие жетістіктері зерттеліп, қажет болған жағдайда әлеуметтік қолдау шаралары ұйымдастырылды.

Жұмыс жоспарға сәйкес уақытында орындалды.
Тізім қосымша тіркелді.

Әлеуметтік педагог: **А. Нұртанова**

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицей бойынша 2025-2026 оқу жылында ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар тізімі

№	Сыныбы	Оқушының аты-жөні	Туған жылы,айы	ЖСН	Ұлты	Ата-анасы туралы мәлімет	Ата-анасының білімі	Ата-анасының жұмыс орны	Мекен-жайы
1	9Ә	Молдабек Армина	18.08.2011	110818604091	қазақ	Калмуратова Айда Кальмуратова Әлия	арнаулы орта	ИП "Молдабеков" аспазшы	Қосасар көшесі №3 87774521559
2	9Б	Әлиәкім Жанерке	11.02.2011ж	110211604804	қазақ	Әлиәкімова Айгерім Әлиәкімқызы	жоғары	SOTERIA мұғалім	Тоқмағанбетов 25/18
3	11В	Ли Илина Владимировна	03.08.2008г	80803650678	кореянка	Партушева Галина (опекун)	среднее	На пенсии	Ауэзова 26-7

Орынд:А.Нұртанова
Тел.87076205573

АНЫҚТАМА

Өгей ата-анасымен тұратын білім алушыларды әлеуметтік-тұрмыстық зерттеу жөнінде мәліметтерді жинау

Форматы: Құжат жинақтау
Мерзімі: Қазан-қараша 2025 жыл
Жауапты: тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілер

Мақсаты: Өгей ата-анасымен тұратын оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау, әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларды дер кезінде айқындау және мектеп бойынша әлеуметтік мәліметтер қорын жаңарту.
Зерттеу барысында өгей әкемен тұратын 28 оқушы және өгей анамен тұратын 3 оқушы бойынша мәліметтер жинақталды.

Барлық балалардың отбасындағы қарым-қатынасы жақсы, олар толыққанды отбасыда тәрбиеленуде, тәрбие мәселелері қанағаттанарлық деңгейде. Аталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде, барлық үйлер толық қамтылды деп айтуға келмейді. Қарсылық білдірген ата-аналардан қолхаттар алынды.

Жұмыс жоспарға сәйкес уақытында орындалуда.
Қосымша тізім тіркелді.

Әлеуметтік педагог: **А. Нұртанова**

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицей бойынша 2025-2026 оқу жылындағы өгей анасымен тұратын окушылар тізімі

№	Сыныбы	Окушының аты-жөні	Туган жылы,айы	ЖСН	Ұлты	Ата-анасы туралы мәлімет	Ата-анасының білімі	Ата-анасының жұмыс орны	Мекен-жайы	Бала саны
1	1Г	Нефедова Арина Александровна	20.06.2019	190620603864	русская	Нефедов Александр Михайлович,Мухина Надежда(мачеха)	среднее	автослесарь,д/х	ул. Жаркынбаева 38А	4
2	9В	Нефедов Роман Александрович	29.06.2010	100629500033.	русский	Нефедов Александр Михайлович,Мухина Надежда(мачеха)	среднее	автослесарь,д/х	ул. Жаркынбаева 38А	4
3	10А	Мұханбетхан Нұрымжан Мұратжанұлы	10.10.2009 ж.	91010554709	қазақ	Кішкенбаев Мұратжан	орта	Құрылысшы	Қыдырова 2/36	2

Орынд.А.Нұртанова
Тел.87076205573

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицей бойынша 2025-2026 оқу жылындағы өгей әкемен тұратын оқушылар тізімі(II тоқсан)

№	Сыныбы	Оқушының аты-жөні	Туған жылы,айы	ЖСН	Ұлты	Ата-анасы туралы мәлімет	Ата-ананың білімі	Ата-анасының жұмыс орны	Мекен-жайы	Бала саны
			Өгей әкемен тұратын бала-28							
1	1В	Ким Ян Олегович	29.05.2019	№ 190529503794	кореец	Щербинина Ирина Витальевна 87054307048	средне-спец.	мастер маникюра	Байсейтова 100/60	2
2	2В	Ерланқызы Ендік	18.09.2018	180918600673.	қазақ	Кетебай Е,Абуова Ж	Орта,жоғары	Еврофорум	Байтерек 3 28 үй	4
3	3Б	Сәбитов Нұртөре Еркінұлы	04.03.2017	№170304500277	қазақ	Аманбекова Мөлдір,Зулхарнаев Ержан(өгей әке)	жоғары,жоғары	Қызылорда обл.тарихи өлкетану музейі,Жеке кәсіпкер	Желтоқсан 11В	3
4	3Б	Альберт Муслима Максатқызы	09.06.2017	№170609601282	қазақ	Райраев Мақсат (өгей әке),Төлеубай Меруерт	жоғары жоғары	жеке кәсіпкер тіс емханасы/д/д	Қазантаев 2/84	4
5	4В	Нұрдәулетқызы Мунира	05.01.2016	160 105604906	қазақ	Қасымова Гулдана,Махмутов Айтуған(өгей әке)	арнаулы орта,жоғары	бала күтімі,ИП Аян -дизайнер	Ауезов 24/9	3
6	5Ә	Алдамжар Ұлдана	15.05.2015	150515602927	қазақ	Оразқұлқызы Наргиза,Омаров Әділ (өгей әке)	орта,жоғары	бала босану уақытында,жеке кәсіпкер	Ауезов 43/14	3
7	5В	Тлеубергенов Эмир	30.01.2015	150130505209	каз	Батырхан Әзиза Батырханқызы Буксукбаев Жасулан Сабитович(отчим)	высшее	педагог в детском учебном центре «Развивашка» ТОО «Фиркан», торговый представитель	Тажибаева 23/18	2
8	5Г	Мещаниинов Михаил	07.08.2015	150807505299	русский	отец - Ермолин Илья мать- Ермолина Галина	отец - высшее мать - высшее	отец -ТОО "Progress City Stroy", начальник отдела снабжения 87058246758мать- детский сад Сыр-Балажан, воспитатель 87714785696	Казыбек би 20/25, 8 771 478 56 96	2
9	5Д	Макаров Владислав Станиславович	11.09.2014	140911502595	казах	Ткач Роман Витальевич (отчим) Ткач Карина Александровна	средне-специальное высшее	домохозяйка	ул. Байсеитовой 96/13	2
10	5Е	Осиновскова Алина	04.06.2014	140604603604	Русская	Ермагамбетова Гулжан Тютебаев Гани	высшее	ИП Алина - Директор; Перевозка грузов	Токмагамбетова 22/10	2
11	6Б	Нұрдәулетқызы Медина	07.01.2014	140107602898	қазақ	Қасымова Гулдана,Махмутов Айтуған(өгей әке)	арнаулы орта,жоғары	бала күтімі,ИП Аян -дизайнер	Ауезов 24/9	3
12	6Б	Сабитова Айкөркем	27.10.2013	131027604553	қазақ	Аманбекова Мөлдір,Зулхарнаев Ержан(өгей әке)	жоғары,жоғары	Қызылорда обл.тарихи өлкетану музейі,Жеке кәсіпкер	Желтоқсан 11В	3
13	6Д	Бақтияр Аяна	25.10.2013	131025602299	казашка	Бақтиярұлы Азамат Аяпова Жанна	мама - высшее папа - высшее	ТОО Алтын Орда АО "Казпочта"	ул. Байтурсынова 46	2
14	7Ә	Алдамжар Аяулр	10.01.2013	130110604859	казак	Оразқұлқызы Наргиза,Омаров Әділ (өгей әке)	орта,жоғары	бала босану уақытында,жеке кәсіпкер	Ауезов 43/14	3
15	7Б	Муратбек Ильнур	16.03.2013	130316503943.	қазақ	Мұратбекова Жанна,Абуов Жандос (өгей әке)	жоғары жоғары	жұмыссыз б/к	Жастар үйі 4кв	3
16	7Д	Пак Илья	30.10.2012	121030504303	кореец	Назтаева Арайлым,Бабанов Али(отчим)	Колледж,Колледж	мама-Домохозяйка,отчим-ТД "Айт-Бек", продавец	Ул. Бегим ана, д.13/кв.57	3

17	7В	Литов Кирилл Денисович	14.12.2012	121214504313	рус	Кнауц Андрей(отчим) Кнауц Ирина Анатольевна	Высшее	ТОО "Прима Дистрибьюшн" Торговый представитель	Кудабаева 84	2
18	7Е	Кошкенбаева Айдын Куантханкызы	03.05.2013	130503601961	каз	Амангелдиева Маржан Кайраткызы Джусупов Гани Курманбаевич (отчим)	высшее, среднее	ИП «Инжу-Маржан»,ТОО Евразия Етес	Жунисова 12	5
19	8А	Бекайдар Айзере	29.09.2011	110929601269	қазақ	Тулегенова Эльвира Узакбаевна	жоғары, психолог	Golden spa; Баскарушы	Өткелбаев 27	2
20	8А	Аскаров Жолдас	03.10.2012	121003604603	қазақ	Аскарова Айнур	орта	мүмкіндігі шектеулі(3 топ)	Ауезова 24а	2
21	9А	Джакешов Рамазан Кенжебекұлы	18.08.2011ж	110818500677	казақ	Егенбергенова Анаркуль Махатов Маулен(өгей әке)	жоғары	ҚМУ лаборант ТОО Мелиоратор КБИ оператор-начальник	К.Байсейтова №138/3 87014489318	1
22	9А	Ерали Дамир Жорабекұлы	05.09.2010ж	100905552492	казақ	Кубекбаева Гулжанат Кузембаев Жалғас (өгей әке)	жоғары	Сыр шуағы балабақша медбике PSI -сервис вахта	Казыбек би24/40 87474191683	2
23	9В	Пак Тимур Маратович	09.02.2011	110209503264	кореец	Агапов Дмитрий(отчим) Ким Надежда Алексеевна	высшее	ветеринарн.клиника, специалист	ул.Тажибаева 25/31	2
24	9В	Дадажанов Эляр Даниярович	10.09.2011	110910501506	узбек	Найматжанов Фархан(отчим), Ахмедова Малика Эргашбаевна	среднее	ИП "Ахмедова", шашлычная	Ул. Туктыбаева 36	3
25	10Г	Риф Милана Рустамовна	28.07.2010	100728651786	башкирка	1.Кускужаева Айгуля	высшее	Петро инженер	ул. Казантаева 2/54 тел.87779636074	2
26	10Г	Ким Мария Григорьевна	20.09.2009	90920653286	кореянка	Ким Ольга,Никитин Александр(отчим)	высшее	мама-ТОО ОБИС Казахстан	мкр Мерей 10	2
27	10Г	Ни Дмитрий Юрьевич	13.05.2009	№090513553455	кореец	Куприенко Елена,Куприенко Иван(отчим)	среднее	папа(отчим)-ИП,мама-в декрете	ул.Айтбаева №29/90, 87059502626	3
28	11Г	Амирова Диана Талгатовна	03.03.2009	90303652848	каз	Зеленкова Елена; Амиров Талгат(отчим)	высш	декрет; пенсионер МВД РК	ул. Ильясова 2/29; 87786495501	4

Орынд:А.Нуртанова
Тел.87076205573

АНЫҚТАМА
«Қош келдің, жаңа жыл»

Форматы: жиналыс
Мерзімі: желтоқсан 2025 жыл
Жауапты: тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілер

«Қош келдің, жаңа жыл» іс-шарасы аясында білім алушыларды қала, облыс және Президент шыршаларына қатыстыру, сондай-ақ білім алушылардың жекелеген санаттары бойынша ҚР Президенті мен қала әкімі атынан өткізілетін шыршаға қатысушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді.
2025-2026 оқу жылы бойынша мектеп-лицейдің әлеуметтік картасы негізінде төмендегі санаттағы оқушылар анықталды: жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі, инклюзивті, аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасынан шыққан, спортта, шығармашылықта, өнерде, дарынды және озат оқушылар.
Анықталған оқушылар:
1. **Нұржанова Томирис, 4 «Б» сынып**– көп балалы, ажырасқан отбасыдан. «Таеквондо» спорт түрінен қалалық және облыстық деңгейде жетістіктері бар, «көк» белбеу иегері. Сабақ үлгерімі – қанағаттанарлық.
2. **Кенжебай Ерасыл, 4 «Б» сынып** – үйден оқитын оқушы, жеңілдетілген оқу бағдарламасы бойынша білім алуда. Денсаулығына байланысты спорт және білім саласында айтарлықтай жетістіктері жоқ. Сабақ үлгерімі – екпінді.
3. **Черепанова Русалина, 5 «Е» сынып** – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, жалғыз басты көп балалы ананың тәрбиесіндегі оқушы. Білім және спорт саласында жетістіктері жоқ. Сабақ үлгерімі – қанағаттанарлық.
4. **Ерболат Аяулым, 6 «Ә» сынып** – аз қамтылған отбасыдан. «Таеквондо» спорт түрінен халықаралық және республикалық деңгейде 1 орын иегері. Сабақ үлгерімі – екпінді.
5. **Қайрат Ансар, 6 «Б» сынып** – көп балалы толық отбасында тәрбиеленуде. Математика пәнінен қалалық олимпиаданың 2 орын иегері. Сабақ үлгерімі – үздік.
6. **Данышпан Айлин, 7 «Ә» сынып** – көп балалы, аз қамтылған толық отбасыдан. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қалалық олимпиаданың 3 орын иегері. Сабақ үлгерімі – үздік.
7. **Төлеген Азиза, 7 «Б» сынып** – әкесі қайтыс болған, көп балалы ана тәрбиесіндегі оқушы. Білім саласында жетістіктері жоқ. Сабақ үлгерімі – қанағаттанарлық.
Аталған оқушылар туралы ақпарат «комиссия отырысына» ұсынылды. Шыршаға қатысушы талапкерлердің барлық санаттары толық сараланды. Комиссия отырысы нәтижесінде:
Президент атынан өтетін шыршаға *Данышпан Айлин, 7 «Ә» сынып* қатысуға ұсынылды.
Қала әкімі атынан өтетін шыршаға *Төлеген Азиза, 7 «Б» сынып* қатысуына қарсылық жоқ екендігі анықталды.
Жұмыс жоспарға сәйкес уақытында орындалды.

Әлеуметтік педагог: **А. Нұртанова**

Анықтама

Тақырыбы: «Жас Ұлан» ұйымының жұмысы туралы

Форматы: тәрбиелік-патриоттық
Мерзімі: 24 қазан 2025 жыл
Жауапты: мектеп тәлімгері

«24» қазан 2025 жылы білім беру ұйымында **«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 66 оқушы қабылданды.**

Қазіргі таңда **«Жас Ұлан» ұйымының жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілуде.** Ұйым мүшелері мектепішілік іс-шараларға белсене қатысып, патриоттық, тәрбиелік, мәдени-көпшілік бағыттағы жұмыстарда белсенділік танытуда.

Ұйымның негізгі мақсаты – оқушылардың азаматтық жауапкершілігін арттыру, отансүйгіштікке, тәртіпке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Осы бағытта ұйымдастырылған іс-шаралар өз нәтижесін беріп, ұйым жұмысы **жақсы деңгейде** жүргізіліп жатыр.

«Жас Ұлан» ұйымының негізгі міндеттері:

- оқушыларды **патриоттық рухта, отансүйгіштікке тәрбиелеу**;
- **азаматтық белсенділікті** және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру;
- білім алушылардың **көшбасшылық қабілеттерін дамыту**;
- оқушыларды **тәртіпке, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке баулу**;
- мектеп өміріне және **қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуына жағдай жасау**;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу;
- жасөспірімдер арасында **құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына қатысу**.

Мектеп тәлімгері **И.Қуанышбек**

Анықтама

Тақырыбы: «Құқық және тәртіп» тақырыбындағы ата-аналар жиналысы

Жиналыс форматы: онлайн
Мерзімі: қараша 2025 жыл
Жауапты: тәрбие орынбасары

Жиналыстың мақсаты – оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру және мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Жиналыс барысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

- оқушылардың құқықтары мен міндеттері;
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу;
- ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі;
- мектептің ішкі тәртіп ережелері.

Жиналысқа ата-аналар, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог қатысты. Ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті түсіндірмелер берілді.

Жиналыс қорытындысы бойынша ата-аналарға балаларының тәртібі мен қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау жөнінде ұсыныстар берілді.

Тәрбие орынбасары:  **А.Менлибаева**

Анықтама

Тақырыбы: Құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп «Жасөспірім және заң» тақырыбында түсіндіру кездесуі өткізілді.

Форматы: кездесу
Мерзімі: сәуір 2026 жыл
Жауапты: мектеп тәлімгері

Кездесудің мақсаты:

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Кездесудің міндеттері:

- жасөспірімдердің **құқықтары мен міндеттері** туралы ақпарат беру;
- кәмелетке толмағандардың **әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі** жөнінде түсіндіру;
- құқық бұзушылықтың алдын алу және оның салдары туралы түсінік қалыптастыру;
- оқушыларды **заңға бағынуға, тәртіпті сақтауға** тәрбиелеу;
- құқық қорғау органдары мен білім беру ұйымы арасындағы **ынтымақтастықты нығайту**.

Кездесу барысында оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, құқық қорғау органдарының өкілдері тарапынан нақты жауаптар мен түсіндірмелер берілді. Іс-шара профилактикалық бағытта өткізіліп, өз мақсатына жетті.

Мектеп тәлімгері  **И.Қуанышбек**

Мектептегі тәрбие бағыты бойынша мамандардың бірлескен жұмыс жоспары негізінде туралы

АНЫҚТАМАСЫ

Мектеп атауы:И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Шара тақырыбы: Оқушыларға арналған «Қауіпсіз интернет», «Буллингтің алдын алу» тренинг
Қамтылған оқушы саны:45
Жауапты:А.Алиев,А.Менлибаева
Сілтеме: https://www.facebook.com/share/v/1E69Pi3kZZ/

2026 жылғы қараша, ақпан айында №5 мектеп-лицейде оқушыларға арналған «Қауіпсіз интернет», «Буллингтің алдын алу» тақырыптарында тренинг өткізілді.

Тренинг сағаттың мақсаты – оқушылардың интернет кеңістігін қауіпсіз пайдалану дағдыларын қалыптастыру, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, оқушылардың өз құқықтарын қорғау және қиын жағдайларда көмекке жүгіну жолдары туралы түсініктерін арттыру.

Сағат барысында оқушыларға интернеттегі қауіп-қатерлер, жеке мәліметтердің қауіпсіздігі, кибербуллингтің түрлері мен салдары түсіндірілді. Сондай-ақ, буллингке ұшыраған жағдайда әрекет ету жолдары, сенімді ересектерге хабарласу және өзара құрмет пен толеранттылықты сақтау мәселелері талқыланды.

Іс-шара интерактивті форматта өтіп, оқушылар белсенді қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Тренинг соңында оқушылар қауіпсіз интернет ережелерін сақтау және буллингтің алдын алу бойынша қорытынды ақпарат алды.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: А.Менлибаева
Н.Айтбай

Анықтама

Тақырыбы: «Адал ұрпақ» ұйымының жұмысы туралы

Форматы: ұжымдық және топтық жұмыс, тәрбиелік-түсіндіру іс-шаралары, жобалық жұмыстар, акциялар.
Мерзімі: 10 қыркүйек 2025 жыл
Жауапты: мектеп тәлімгері

«10» қыркүйек 2025 жылы білім беру ұйымында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы ұйымдастырылды. Қазіргі таңда ұйым құрамында 43 оқушы бар.

Ұйым жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілуде. Мүшелердің қатысуымен адалдықты, әділдікті насихаттауға және **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға** бағытталған белсенді жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, түсіндіру шаралары, тәрбие сағаттары, пікірталастар, акциялар және мектепішілік іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Ұйымның негізгі мақсаты – оқушылар арасында адалдық қағидаттарын қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту. Осы бағыттағы жұмыстар өз нәтижесін беріп, ұйым қызметі жақсы деңгейде жүргізіліп жатыр.

«Адал ұрпақ» ұйымының негізгі міндеттері:

- оқушылар арасында **адалдық, әділдік, парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру**;
- **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту**, оған төзбеушілік көзқарас қалыптастыру;
- білім алушылардың **құқықтық сауаттылығын арттыру**;
- жастарды **азаматтық жауапкершілікке, белсенділікке тәрбиелеу**;
- мектеп ортасында **ашықтық пен әділдік қағидаттарын насихаттау**;
- тәрбие бағытындағы **түсіндіру, ақпараттық және алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру**;
- оқушылардың **қоғамдық бастамаларға белсенді қатысуына жағдай жасау**.

Мектеп тәлімгері **И.Қуанышбек**

АНЫҚТАМА

Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтерді жинау

Форматы: Құжат жинақтау

Мерзімі: қыркүйек-қазан 2025 жыл

Жауапты: әлеуметтік педагог

Мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын анықтау, әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларды дер кезінде айқындау және мектеп бойынша әлеуметтік мәліметтер қорын жаңарту.

Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөніндегі мәліметтер және сынып білім алушылары туралы ақпаратты қамтитын «сыныптың әлеуметтік паспорты (сынып картасы)» жинақталды.

Аталған жұмыстар «65 сынып комплектісі» негізінде жүргізіліп, барлық сыныптар бойынша әлеуметтік мәліметтер кестесі толық жиналды және жүйеленді. Жинақталған деректер әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен әрі қарай жұмыс жүргізу үшін пайдалануға алынды.

Жұмыс жоспарға сәйкес уақытында орындалды.

Әлеуметтік педагог:  **А. Нұртанова**

АНЫҚТАМА

5-сынып оқушыларымен жүргізілген «Менің сыныбым – менің отбасым» тақырыбындағы психологиялық тренинг анықтамасы

Қараша айында 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңін қолдау мақсатында «Менің сыныбым – менің отбасым» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты:
5-сынып оқушыларының жаңа оқу сатысына бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету, сыныпішілік жағымды ахуал қалыптастыру және ұжымдық бірлікті нығайту.

Міндеттері:
1. Оқушылардың бір-бірімен жақынырақ танысуына жағдай жасау.
2. Сыныптағы өзара сенім мен құрмет атмосферасын қалыптастыру.
3. Қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
4. Эмоционалдық жай-күйін тұрақтандыруға ықпал ету.
5. Ұжымдық жауапкершілік пен қолдау сезімін қалыптастыру.

Тренинг барысы:
Тренинг барысында танысу жаттығулары, топтық сергіту ойындары, «Біз – бір командамыз», «Сынып құндылықтары» атты бірлескен жұмыс элементтері ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларын ашық білдіріп, ортақ ережелер құрастырды. Жаттығулар барысында ынтымақтастық, бір-біріне қолдау көрсету дағдылары дамытылды.

Қорытынды:
Тренинг нәтижесінде оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарып, сыныпішілік белсенділік артты. Оқушылар арасында сенімділік пен ашықтық байқалды. Жалпы психологиялық ахуалдың тұрақтануына оң әсер етті.

Ұсыныстар:
1. 5-сыныптарда бейімделу кезеңінде жүйелі түрде тренингтік жұмыстар жүргізу.
2. Сынып жетекшісімен бірлескен тимбилдинг шараларын ұйымдастыру.
3. Ата-аналар жиналысында бейімделу кезеңінің ерекшеліктері туралы ақпарат беру.
4. Оқушылардың эмоционалдық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу



Педагог-психолог Айтбай Назерке

АНЫҚТАМА

8–9 сынып оқушыларымен жүргізілген «Қақтығыстарды шешу жолдары» тақырыбындағы психологиялық тренинг анықтамасы

Желтоқсан айында 8–9 сынып оқушылары арасында буллингтің алдын -алу, конструктивті қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Қақтығыстарды шешу жолдары» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты:
Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын -алу, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу дағдыларын қалыптастыру және өзара сыйластықты нығайту.

Міндеттері:

1. Буллинг ұғымы мен оның салдары туралы түсінік қалыптастыру.
2. Қақтығыс жағдайларын талдау және тиімді шешу жолдарын үйрету.
3. Эмпатия, толеранттылық және жауапкершілік сезімін дамыту.
4. Агрессивті мінез-құлықтың алдын алу.
5. Қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру.

Тренинг барысы:
Тренинг барысында «Қақтығыс дегеніміз не?», «Менің әрекетім – менің жауапкершілігім» тақырыптарында пікірталас, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар ұйымдастырылды. Оқушылар қақтығысты бейбіт жолмен шешу тәсілдерін талдап, тиімді коммуникация дағдыларын меңгерді. Буллингтің психологиялық зардаптары түсіндірілді.

Қорытынды:
Тренинг нәтижесінде оқушылар қақтығыс жағдайларында сабырлы әрекет ету, мәселені келісім арқылы шешу жолдарын түсіне бастады. Өзара түсіністік пен сыйластық қағидаттары талқыланып, сыныптағы психологиялық ахуалдың нығаюына ықпал етті.

Ұсыныстар:

1. Буллингтің алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.
2. Сынып сағаттарында қарым-қатынас мәдениеті тақырыбын тұрақты қарастыру.
3. Мектепішілік профилактикалық іс-шараларды күшейту.
4. Педагогтар мен ата-аналарға арналған түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.



Педагог-психолог Айтбай Назерке

Мектептегі тәрбие бағыты бойынша мамандардың бірлескен жұмыс жоспары негізінде туралы

АНЫҚТАМАСЫ

Мектеп атауы:И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
Шара тақырыбы: Қыз балалар клубы мен ұлдар клубының бірлескен тәрбиелік шарасы
Қамтылған оқушы саны:450
Жауапты:А.Алиев,А.Менлибаева, психолог
Сілтеме: https://www.facebook.com/reel/617121404796264
https://www.facebook.com/share/p/1aVCe7puMB/
https://www.facebook.com/share/v/1EwfHZwMHD/

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде жоспарға сәйкес оқушылар арасында тәрбиелік және құқықтық бағыттағы бірқатар түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте «Ерте жүктіліктің салдары», «Қыз болашағы – ел болашағы» тақырыптарында жиналыс ұйымдастырылды. Іс-шараға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.О. Менлибаева, мектеп мейіргері Н.Б. Фазылова және №1 емхананың психологы А.А. Нысанбекова қатысты. Кездесу барысында оқушыларға ерте жүктіліктің салдары, жауапкершілік, өзін-өзі қорғау, денсаулықтың маңыздылығы туралы жан-жақты ақпарат берілді. Оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауап алды. Жиналыс ашық диалог форматында өтіп, тәрбиелік мәнімен ерекшеленді.

Сонымен қатар, оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ұрлық, құқық бұзушылық, қауіпті заттарды сақтау және пайдалану, топтық төбелес, электронды вейп пен есірткіге әуестенудің алдын алу тақырыптарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараны директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары Алиев Адилбек Дайрабаевич пен Менлибаева Айгерим Омаровна ұйымдастырды. Кездесу барысында құқық бұзушылықтың түрлері мен заң алдындағы жауапкершілік, қауіпті

және тыйым салынған заттардың зияны, тәртіп бұзудың салдары және қоғамдағы өзін-өзі ұстау мәдениеті туралы кеңінен түсіндірілді.

Сондай-ақ, «Нәзіктік пен сұлулық — бойжеткен болмысы» тақырыбында 8–11 сынып қыздарына арналған АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу және сақтану жолдары туралы тәрбиелік жиналыс өткізілді. Іс-шараны №1 емхана психологы Жарылқасынова М.С., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Менлибаева А.О., мектеп мейіргері Фазылова Н.Б., педагог-психологтар А. Топжарғанова мен Н. Айтбай жүргізді. Кездесудің мақсаты – қыз балалардың өзін-өзі тануына, құқықтарын білуіне, ішкі мәдениеті мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағыт беру болды.

Жүргізілген іс-шаралар оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамытуға оң ықпал етті.

Қорытынды: Алдын алу бағытындағы мұндай жұмыстар жас ұрпақтың бойында құқықтық мәдениет пен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: А.Менлибаева

А.Алиев

Педагог-психолог Н.Айтбай

Әлеуметтік педагог А.Нұртанова

Анықтама

Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі

Форматы: Түсіндірме жұмысы

Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы

Орны: №5 мектеп-лицей АКТ залы

Жауапты: Мектеп мейіргерлері

Мақсаты: Мектеп оқушыларына жеке бас гигиенасының негізгі ережелерін түсіндіру. Дұрыс тамақтану туралы түсінік қалыптастыру мен салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушыларға жеке бас гигиенасының негізгі ережелері(қол жуу, тіс күтімі,шаш күтімі,таза жүру мен жеке заттарды басқа адаммен ортақ пайдаланбауы) және дұрыс тамақтанудың қағидалары(тамақты уақытында ішу,тағам рационында көкөніс, жеміс,сүт пен ет өнімдері болуы, фасфуд,газды сусын,тым тәтті және майлы тағамдарды азайту,күніне жеткілікті мөлшерде таза су ішу,таңғы асты міндетті түрде ішу) түсіндірілді. Сұрақ- жауап жүргізіліп, оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Қорытынды: Оқушылар жеке бас гигиенасы мен дұрыс тамақтанудың адам денсаулығы үшін маңызын түсінді.

Мектеп мейіргерлері: Н.Фазылова

Н.Жубатырова

Анықтама

Денсаулық апталығы

Форматы: Профилактикалық тексеру

Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы

Орны: №5 мектеп-лицей медициналық кабинеті

Жауапты: Мектеп мейіргерлері

«Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы баларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі менмерзімділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес 2025-2026 оқу жылында білім алушыларды денсаулық жағдайын бақылау мақсатында профилактикалық тексеру жүргізілді.

Тексеру кезінде:

- Оқушыларға антропометриялық өлшеу жүргізілді
- Артериялық қан қысымы өлшенді
- Есту қабілеті тексерілді
- Көз көру қабілеті тексерілді

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың денсаулық жағдайын ерте анықтау,салауатты өмір салтын насихаттау және денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Қорытынды: Оқушылардың жеке медициналық бақылау деректері жаңартылды.Денсаулығында өзгерістер анықталған оқушыларды емханаларына тексеріп-қарауға, сауықтыруға жіберілді.

Мектеп мейіргерлері: Н.Фазылова

Н.Жубатырова

АНЫҚТАМА

Қазан–қараша айларында мектеп бойынша білім алушылар арасындағы психологиялық ахуалды зерделеу, зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алу, суицидтік мінез-құлық тәуекелдерін ерте кезеңде анықтау мақсатында жоспарлы психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қолайсыз эмоционалдық жағдайларды, суицидтік тәуекел мен зорлық-зомбылық белгілерін дер кезінде анықтау және алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Міндеттері:

1. Мектептегі психологиялық климаттың деңгейін анықтау.
2. Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық белгілерін айқындау.
3. Суицидтік тәуекел тобына жататын білім алушыларды ерте анықтау.
4. Жалғыздық сезімінің деңгейін бағалау арқылы эмоционалдық жай-күйін зерделеу.
5. Анықталған оқушылармен жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

Жүргізілген диагностикалық жұмыстар:

- 1–11 сынып оқушыларынан «Өркен» әзірлеген зорлық-зомбылықты анықтауға арналған «Саған қалай қарайды?» сауалнамасы алынды.
- 1–4 сынып жетекшілерінен «Балалардың суицид қаупінің болжамды кестесі» әдістемесі жүргізілді. Авторы:А.Н.Волкова
- 5–11 сынып жетекшілерінен «Суицид тәуекел картасы» әдістемесі алынды.(жасөспірімдерге арналған Л.Б.Шнейдер модификациясы)
- 10–11 сынып оқушыларынан «Жалғыздықтың субъективті сезім деңгейін анықтау» әдістемесі жүргізілді.

Зерттеу жұмыстары жоспарға сәйкес, құпиялылық қағидаттары сақтала отырып өткізілді.

Нәтижесі:

Жүргізілген психодиагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша:

- 1 білім алушы мектепішілік психологиялық есепке алынды.
- 1 білім алушы тәуекел тобына енгізілді.
- Аталған оқушылармен жеке жұмыс жоспары құрылып, жүйелі түрде психологиялық сүйемелдеу ұйымдастырылды. Сонымен қатар сынып жетекшілерімен және ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізілуде.

Қорытынды:

Жалпы мектеп бойынша психологиялық ахуал қанағаттанарлық деңгейде. Дегенмен жекелеген оқушылар арасында эмоционалдық қиындықтар мен тәуекел белгілері анықталғандықтан, алдын алу және түзету жұмыстары жалғасуда. Ерте диагностика нәтижесінде тәуекел факторлары уақытылы айқындалып, қажетті психологиялық қолдау шаралары ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

1. Тәуекел тобына алынған оқушылармен жеке психокоррекциялық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.
2. Ата-аналарға арналған түсіндіру және психологиялық ағарту жұмыстарын күшейту.
3. Сынып сағаттарында психологиялық қауіпсіздік, эмоционалдық тұрақтылық тақырыптарында профилактикалық жұмыстар жүргізу.
4. Мектепішілік бақылауды тұрақты ұйымдастыру.

Педагог-психолог  Айтбай Назерке